



АТЫРАУ
UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№3 (147)
Маусым, 2025 жыл



ТҮРКІСТАН ЖЕРІНДЕГІ ТАРТЫСТЫ ЖАРЫС: ЕНШІМІЗДЕ – ОТЫЗ ЖҮЛДЕ

Осы жылдың 8-10 мамыр мен 14 маусым аралығында Түркістан қаласындағы Халықаралық туризм және меймандостық университетінде жоғары оқу орындарының білім алушылары арасында XIII жазғы Универсиада өтті. Дүбірлі додаға еліміздің 79 жоғары оқу орнынан 4000-нан астам студент-спортшы қатысты. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің құрамасы осынша командалар ішінен жеті алтын, бес күміс және он сегіз қола жүлдемен жалпы есепте 11-орынға тұрақтады. Мұндай көрсеткішке қол жеткізу – 15 спорт түрінен қатысқан 140-қа жуық спортшымыздың еңбегінің, оларға деген ұжымның артқан сенімінің арқасында жүзеге асқаны анық.

Сандарды сөйлетсек, жарыста олимпиадалық және ұлттық 19 спорт түрінен 800-ден астам медаль мен 104 кубок сарапқа салынды. Атап айтқанда, сайыс бадминтон, үстел теннисі, баскетбол, шахмат, таэквондо, тоғызқұмалақ, жеңіл атлетика, каратэ-до, волейбол, дзюдо, еркін күрес, әйелдер күресі, грек-рим күресі, қазақ күресі, бокс, жүзу, футбол сынды бәсекелер бойынша өткізілді. Атап өтерлігі, тоғызқұмалақ және қазақ күресі сынды ұлттық спорт түрлері бойынша 600-ден астам студент сынға түсті. Бұл – жастар арасында ұлттық спорттың имиджі

артып келе жатқандығын аңғартса керек.

Он алтыншы мамыр күні «Түркістан Арена» орталық стадионында универсиаданың ашылу салтанаты өтті. Ашылу рәсіміне ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов, ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Аманбай Нұрмұханбетов, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев қатысып, дүбірлі доданың ашылуымен құттықтады. Жігерлі жастарға сенім артатындығын жеткізіп,

барлық қатысушыларға сәттілік тіледі. Ірі спорттық шараның ашылу салтанатына қатысқан қонақтардың арасында Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректор Саламат Идрисов та болды. Ол спортшы-студенттерге мейлінше қолдау білдірді.

Университет туын көтеру мәртебесі дзюдо спортынан бірнеше мәрте Қазақстан Республикасының жүлдегері, 23 жасқа дейінгі жастар арасында ел біріншілігінің жүлдегері, халықаралық жарыстардың жеңімпазы, 4-курс студенті Данияр Кулушевке сеніп тапсырылды.

Одан бөлек, іс-шараға Олимпиада және әлем чемпионаттарының жүлдегерлері көзайым болды. Ашылу рәсімі кезінде қатысушы 79 команданың шеруі ұйымдастырылды. Ресми іс-шара елімізге танымал әншілердің концерттік бағдарламасына ұласты.



www.asu.edu.kz



media@asu.edu.kz



[atyrauuniversity_official](https://www.instagram.com/atyrauuniversity_official)



Атырау университет





ТҮРКІСТАН ЖЕРІНДЕГІ ТАРТЫСТЫ ЖАРЫС: ЕНШІМІЗДЕ – ОТЫЗ ЖҮЛДЕ



Республикалық спорт бәсекесінің негізгі мақсаты – республиканың жоғары оқу орындары студенттері арасында бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, жастардың достығы мен ынтымақтастығын нығайту.

Спорттық жарыстар университет аумағында және «Түркістан Арена» орталық стадионы, Б.Саттарханов атындағы спорт сарайы, «Олимпик» спорт орталығы, сондай-ақ IUTN Спорттық-сауықтыру кешені секілді Түркістан қаласының негізгі спорт нысандарында өтті.

Айтқандай, спорттық сайыс нәтижесінде Атырау университеті құрамасы 79 команда ішінен жеті алтын, бес күміс және он сегіз қола жүлдемен жалпы есепте 11-орынға жайғасты. Дене шынықтыру және БӘД кафедрасының меңгерушісі Алпысбай Аралбаевтың сөзінше, универсиадада барлығы 19 спорт түрі қамтылса, біздің универсиеті соның 15-інен жолдама алып, қатысып отыр.

Тікелей нәтижелерді тізбелеп айтсақ,

ерлерден құралған 3х3 баскетбол командасы өзіндік рекорд орнатып, төртінші мәрте универсиаданың алтынын жеңіп алды. Команда құрамында Р.Самсин, И.Шомаев, А.Марат, А.Асқарұлы, Е.Қойбағаровтар бар. Олардың ішінде Ислам Шомаев пен Абат Марат универсиадаға құрама сапында екінші мәрте қатысып отыр. Бұған дейін екеуі Ресейдегі Халықаралық «Каспий ойындарында» жақсы нәтижемен көзге түскен.

Ал З.Сәлімжанова, Д.Виноградова, А.Мугашева, П.Жұмағали бақ сынаған баскетболдан қыздар командасы бұндай бәсекеге алғаш қатысса да, 25 команда ішінен суырылып үздік үштіктен көрінді. Өз кезегінде футболшылар 40 команда ішінен жүлделі 3-орын алды. Футболдан қыздар командасы осы үдеден көрініп, 3-орынға қол жеткізді. Бұлар – командалық спорт түрлері бойынша жеткен жетістіктер.

Ендігі кезекте жекелеген спорт түрлерінің нәтижелеріне келсек, дзюдодан ерлер арасындағы белдесулерге 60 келі салмақ дәрежесінде

Данияр Кулушев 1-орынға, 66 келі салмақ дәрежесінде Ақылбек Аманұлы 2-орынға тұрақтады. Жалпы, дзюдо ерлер командасы жалпы есепте 30 команданың ішінен 3-орынға орналасты. Ал дзюдошы қыздардан – 48 келіде Жібек Жақсыбай 2-орын, 70 келіде Шынар Бітімбай 3-орын және 78 келіде Аружан Жандарбай 2-орын иеленді. Жалпы есепте қыздар командасына 30 құраманың ішінен 5-орын бұйырды.

Таэквондо спортының керуиги (спаринг) бағыты бойынша 80 келіде Ерғанат Бакинов 1-орын, +73 келіде Диана Абсенова 2-орын алса, 68 келідегі Нұрғиса Сағадатов, 74 келідегі Дәулет Орынғали және +87 келі салмақ дәрежесіндегі Нұрбол Ерсайыновтар

жеңіске жетсе, каратэден Ұлмекен Жалғас – 3-орынға тұрақтады. Ал бокс-стан Ануарбек Марат пен Ақнар Ищанова 1-орынды жеңіп алса, Хамидолла Абзал 2-орын, Айдын Талғатов пен Сұлтан Орынбасар 3-орынға ие болды.

Әрмен қарай қазақ күресінен тартысты өткен белдесулерде шын мықтылар анықталып, Гүлхан Шыңғысхан өз салмақ дәрежесінде 1-орынды жұлып әкетсе, Жібек Жақсыбай мен Аружан Жандарбай 3-орын иеленді. Және грек-рим күресінен Мұхаммедияр Өрбісінов пен Нұртілек Аманша да, еркін күрестен Ғибрат Ләш пен Абдурахман Қаридолла да универсиададан жүлделі 3-орынмен оралды.

Бас-аяғы бір айдан астам уақытқа созылған Түркістан төріндегі тар-



жүлделі үштікті қорытындылады. Келесі таэквондоның пумзе (көлеңкемен жұмыс) бағытында Алихан Досқалиев, Диас Болатов және Нұрғиса Сағадатов жүлделі 3-орынға лайық деп танылды.

Кейін шахматтан Нұрбек Хайрошев жеке есепте 1-орын алып, тұғырлы

тысты бәсекенің жабылу салтанаты он үшінші маусым күні «Olympic Center» спорт кешенінде ұйымдастырылды. Келесі жазғы универсиада 2027 жылы Алматы қаласындағы Қазақ спорт және туризм академиясында өтеді.

Өмірбек САЛАУАТҰЛЫ

ПАРТИЯНЫҢ КҮШ-ҚУАТЫ – БАСТАУЫШ ҰЙЫМДАРДА



Атырау қаласында «AMANAT» партиясы Орталық аппаратының ұйымдастыру және аумақтық жұмыстары департаментінің директоры Жанар Бектаева арнайы іссапармен болды.

Ол ең алдымен «AMANAT» партиясы Атырау облыстық филиалының Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіндегі «Бірлік» бастауыш партия ұйымына барып, партияластармен кездесті. Университет ректоры Саламат Идри-

сов оқу ордасының ғимаратымен, арнайы кабинеттермен және жеткен жетістіктерімен, жалпы білім саласындағы тың бастамаларымен таныстырды.

Саламат Нұрмұханұлы өз өзінде: «Мектептердегі ер мұғалімдердің азаюының алдын-алу, білім ұяларындағы ұстаз ер-азаматтардың санын арттыру мақсатында «Ұстаз» мектебін ашып, жұмыс жасап жатырмыз. Ағалымыз «Ұстаз» мектебі – өте өзекті әрі маңызды жоба.

Бұл бастама – ұрпақ тәрбиесіне, педагогикадағы гендерлік теңдікке үлес қосатын нақты қадам» – деп атап өтті. Сондай-ақ, ол аталған мектепке арнайы ғимараттың да қажеттігін алға тартты.

Өз кезегінде «AMANAT» партиясы Орталық аппаратының ұйымдастыру және аумақтық жұмыстары департаментінің директоры Жанар Әлібекқызы бұл жобаға қатысты:

– Елге қызмет ету – осындай жарқын жобалардан бастау алады. Бұл жоба елдегі басқа өңірлерге үлгі болуы керек деп есептеймін. Қазір балабақшадан бастап оқу орнына дейін педагогтардың басым бөлігі – әйел адамдар. Сондықтан да бұл ба-

стама ұрпақ тәрбиесінде гендерлік саясаттың сақталуына септігін тигізері анық» – деген пікір білдірді.

Ал «Бірлік» бастауыш партия ұйымының хатшысы Баянсұлу Тыныбаева партиялық жобалар аясында атқарылған іс-шаралармен таныстырып, бастауыш партия ұйымы туралы ақпараттармен бөлісті.

Бұдан кейін жұмысшы топ облыстағы іргелі бастауыш партия ұйымдарының бірі – Атырау мұнай өңдеу зауытындағы «АМӨЗ» бастауыш партия ұйымына барып, партияластармен кездесті. Мұнда да партиялық жобалар аясында жүзеге асқан іс-шаралар таныстырылып, партияластардың ұсыныс-тілектерін тыңдалды.



ҚОСАРЛЫ БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ АСЫП ЖАТЫР



Бүгінде халықаралық әріптестікке жіті көңіл бөлетін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде алғаш рет қос диплом білім беру бағдарламасымен оқыған зерттеушілер диссертация қорғады. Магистранттарға Қазақстан мен Түркия университеттерінің дипломы бірге беріледі.

Қос дипломды білім беру бағдарламасы – Қазақстандық жоғары білімді халықаралық кеңістікте интеграцияланудың басым бағыттарының бірі. Атырау университетіндегі қос дипломды білім беру бағдарламасы магистратурада жолға қойылған. Университеттің жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім бөлімі 2024–25 оқу жылында магистратура бойынша қосарлы білім алу бағдарламасын жүзеге асырды. Соның айғағы ретінде Көптілді білім беру факультетінің 7М02301–Филология білім бағдарламасының бітіруші курс магистрлері Құралай Қуатова мен Ләззат Әлімова Түркияның Нигде

Омер Халисдемир университетінде 1 жыл бойына білімдерін жетілдірді. Бұл магистранттарға қос диплом табыстатын болады.

«Түркияда оқу арқылы түркітілдес халықтардың тілдерімен танысып, тілдік айырмашылықтарына зерттеулер жасадық. Мысалы, қазақ, өзбек, қырғыз әзербайжан, түрік халықтарының тілдеріндегі түпкі байланысты, ұқсатық пен өзгешеліктерді филологиялық тұрғыдан талдадық. Бір жыл оқығанда түрік тілін игеруге де мол мүмкіндік болды. Бүгін міне, қазақтың көрнекті жазушысы Асқар Алтайдың шығармашылығына арналған диссертациямды түркиялық профессордың жетекшілігімен жазып шығып, қорғадым», – деді магистрант Ләззат Әлімова.

Мемлекеттік грантпен білім алған магистранттар екі жылдық оқудың оқу маусымдарын алма кезек оқып бітірген. Оларға жақында Атырау университеті мен Нигде Омер Халисдемир университетінің бірлескен ди-

пломы табысталады.

Жалпы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті қос дипломды білім беру бағдарламалары бойынша Түркияның Нигде Омер Халисдемир университетімен және Ресейдің Астрахан мемлекеттік университеті арасында тұрақты байланыс орнатқан.

«Білім ордасында қос дипломды білім бағдарламасымен студент алмасу іске аса бастады. Биыл күзде түркиялық азамат Атырауға оқуға келеді. Ал, қыркүйекте туризм бағдарламасы бойынша 15 студент Польша еліне, екі шет тілі бойынша бір студент Францияға оқуға барады», – деді университеттің ғылым және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры Қансұлу Өтепқалиева.



ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ФАКТОР

Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінде білім ордасының 85 жылдығына орай және «Заң мен тәртіп» қағидасы аясында «Жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру – болашақ әл-ауқаттың маңызды факторы» атты оқушылар арасында облыстық олимпиада өтті.

Олимпиаданы ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің Атырау облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті мен Атырау университеті ұйымдастырды.

Жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру арқылы болашақ ұрпақтың әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған білім мен дағдыларды дамыту мақсатында ұйымдастырылған олимпиадаға Атырау облысы мен Атырау қаласының жалпы орта білім

беретін мектептерінің 11-сынып оқушылары қатысты.

Жарыста Атырау облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті ұйымдастыру-бақылау басқармасының басшысы Бекболат Анесов, Атырау облыстық Білім беру басқармасы әдістемелік орталығының әдіскері Ардақ Орынбаева, Ұлттық статистика бюросының Атырау облысы бойынша департаменті басшысы Нұржан Құмарғалиев, «Форте банк» АҚ АФ заңды тұлғаларға операциялық қызмет көрсету бойынша директордың орынбасары Амангелды Унаганов, Атырау облыстық жастар мәслихаты депутаты, БҰҰ «Есірткісіз болашақ» ҚҚ Атырау облыстық басшысы Айкөркем Жолдас сынды білікті мамандар әділ қазылық етті.

Сайыс барысында оқушылар қаржылық сауаттылыққа қатысты білімдерін ортаға салып, арнайы әзірлеген жобаларын таныстырды.

Олимпиада екі кезеңнен тұрды: алғашқы кезеңде оқушылар сауалнама арқылы теориялық білімдерін көрсетсе, екінші кезеңде жоба қорғады.

Жарыс нәтижесінде жеңімпаздар мен үздік жоба авторлары арнайы дипломдар және алғыс хаттармен марапатталды.

I орын – Нұрай Нәсіпқали (Атырау қаласы, N3 мектеп-гимназия оқушысы) 6В04105 – Қаржы және аналитика білім бағдарламасы бойынша оқу ақысының 100% мөлшерінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің гранты;

II орын – Дамир Закария (Қаныш Сатпаев атындағы мектеп – гимна-

зия оқушысы) 6В04105 – Қаржы және аналитика білім бағдарламасы бойынша оқу ақысының 50% мөлшерінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің гранты;

III орын – Шынарбай Байымбетова (И.Тайманов атындағы N27 мектеп оқушысы) 6В04105 – Қаржы және аналитика білім бағдарламасы бойынша оқу ақысының 30% мөлшерінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің гранты.

Сонымен қатар олимпиадаға белсенді қатысқаны үшін Мадина Темирболатова, Дамира Жәнібекқызы, Шынарбай Байымбетова, Дамир Закария, Нұрай Нәсіпқали сынды қатысушылар ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің Атырау облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің арнайы ынталандыру сыйлықтарына ие болды.

ТҰЛҒАЛАР ӨМІРІНЕН ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР



2025 жыл – еліміз үшін атаулы даталарға толы жыл. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Байқоңыр ғарыш айлағының ашылғанына 70 жыл, Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл деген атаулы даталармен қатар Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдық мерейтойы атап өтіліп жатыр. К

Сонымен қатар қазақ даласында туып-өскен, елдің дамуына шығармашылық, қайраткерлік сипатымен үлес қосқан көптеген біртуар тұлғалардың мерейтойлары тойлану үстінде. Осыған орай осы оқу жылында Атырау университетінің мұғалімдік мамандық студенттері «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәнінің аясында бірқатар

тәрбиелік іс-шаралар өткізді.

Атап айтсақ, Инновациялық білім беру факультетінде оқитын болашақ логопедтер өткен жылы туғанына 135 жыл толған көрнекті жазушы, педагог, ғалым–психолог Жүсіпбек Аймауытовтың өмір жолы мен қызметін зерделеп, отандық педагогика және психология ғылымдарының дамуына қосқан еңбегін паш ету, насихаттау мақсатында «Дана тұлғаның дара жолы» атты тәрбиелік іс-шара ұйымдастырды. Аталмыш іс-шара Жүсіпбек



Тәрбиелік іс-шаралардың тағы бір ұтымды тұсы – студенттердің өзегін жарып шыққан төл туындылары. Солардың бірін назарыңызға ұсынамыз.

85 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХ – ҰРПАҚҚА МҰРА!
(Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдығына арнау)

Төрінде Гурьевтің төгілген нұр,
40-ыншы жылдардан естелік тұр.
Мұғалімдер даярлайтын орда болып
Ашылды болашаққа алтын тұғыр.
Артқа тастап тау-тасты қыз бенен жас,
Надандықты жоямыз деп қосылып бас,
Бар баланы білімменен сусындатар
Көкейдегі ақ арманы – болу ұстаз.
Тәуелсіздік таңы атып тоқсан бірде,
Арыстарды асқақаттық мақтан түрде,
Сол арыстың алыбы – Халел атам
Естен кетпес есімі, ойдан мүлде.
Халел – ғалым, аурудың ата жауы,
Атыраудың аласұрған Алатауы,
Мәңгі өшпес білімнің шамшырағын,
Айып болар бұл есіммен атамауы.
Аймақтық боп абыройын асырды,
Талай-талай бейгелерден бас ұрды,
Сапа, санмен шектелмейді шежіре
Әрбір жеңіс – тарихтың бір асуы.
ІТ, ұстаз, агроном салалар,
Көш бастаған жастар, білім саралар,
Алтын ұстаз, аяулы жан білгірлер
Нұрлы күннің шуағына пара-пар.
Ұлы мекен ұлыларды ұлықтаған,
Тарихы мен салт-дәстүрін ұмытпаған,
Құтты болып әр жеңісің, жетістігің
Алға қарай жасай бер үлкен қадам.

Ілияс Сембайұлы



Аймауытовты қоғам қайраткері, педагог, ғалым–психолог ретінде танытып, оның педагогикалық–психологиялық мұраларын талқылауды көздеді. Мұнда студенттер Ж.Аймауытовтың «Тәрбиеге жетекші», «Комплексті оқыту жолдары», «Психология», т.б. еңбектерінің негізгі идеяларын зерделеп, олардың еліміздің педагогика және психология ғылымдарының дамуына қосқан үлесін талдады.

Арнайы шақыртылған п.ғ.д., қауымдастырылған профессор Ш.И.Джанзакова мен пс.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж.Н.Сабировалар құнды ақпараттармен бөлісті. Аудиториюмен кері байланыс орнатылып, сұрақтарға жауап алынды. Сайып келгенде жас ұрпақ Жүсіпбек мұрасын қазіргі заман талаптарына сай қолдану мүмкіндіктерін көрсетіп берді.

Өз кезегінде Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің студенттері жылдың мерейлі даталарына орай Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлова мен Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың, қоғам қайраткері, ағартушы, ақын, жазушы Міржақып Дулатұлы мен қазақ мәдениетіне еңбегі сіңген композитор Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен қызметі жөнінде құнды ақпаратты паш етіп, өздері құрастырған бейне-роликтер, викториналар, әртүрлі мазмұндағы және форматтағы интербелсенді ойындар, т.б. ұсынды. Болашақ педагогикалық кәсіп иелерінің соны идеяларға толы креативтілік, ұйымдастырушылық, режиссерлік қабілеттері көрермендерді таң қалдырды.

Гүлжазира ОМАРОВА,
«Психология және педагогика»
кафедрасының аға оқытушысы

ТАЗА ТАБИҒАТ – ТАЗА САНА

Экологиялық мәдениетті қалыптастыруды негізгі мақсаттарының бірі етіп алған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» акциясына белсенді атсалысып келеді. Президентіміз атап өткендей: «Таза Қазақстан – жай науқан емес. Бұл әр адамның және барша халықтың күнделікті дағдысы, өмір салты болуы қажет».

Осы тұжырымды басшылыққа ала отырып, университетімізде қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарайтын экокampus жүйесі бұрыннан іске асуда. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстар негізінде экоклуб құрылды.

«Таза Қазақстан» акциясын қолдау, өңірлік экологиялық мәселелерді ғылыми жолмен шешу үшін, университет жанынан ғалымдар, қызметкерлер мен студенттердің бірлесуімен

құрылған клубтың мақсаты – ғылыми зерттеу, қоғамдық экобелсенділік және экосана қалыптастыру арқылы өңір экологиясына нақты үлес қосу.

Экоcampus шеңберінде келесідей жұмыстар атқарылып жатыр:

- Қалдықтарды сұрыптау инфрақұрылымы құрылды;
- Студенттер мен қызметкерлер арасында климат өзгерісі, эко этикетке қатысты экосағаттар мен тренингтер өткізілуде;
- Пластик қалдықтар үшін арнайы жәшіктер орнатылып, қайта өңдеу жүйесі жолға қойылды;
- Жыл сайын тал егу акциялары, сенбіліктер өткізіліп тұрады;
- Экологиялық жобалардың көрмесі мен жәрмеңкелері өтті.


Сондай-ақ, тұрақты даму мақсаттарына бағытталған Enactus жаһандық ұйымының 2025

жылы өткен ұлттық кубогына Enactus Khalel командасы қатысты. Олар «Фитокожа» жобасын сәтті қорғап, биодырайтын экотері өндірісі арқылы қалдықтарды ресурсқа айналдыруда үлгі бола білді.

Бұдан бөлек, университетіміз UI GreenMetric әлемдік университет кампустарының сапасы мен экологиялық тұрақтылығын бағалау рейтингісінде әлемдік 1477 университеттің ішінде 586-орынды, ал Қазақстан бойынша 7-орынды иеленді.

Экоcampus – тәрбие, ғылым және қоғамдық жауапкершілік орталығы Университетіміздің жетістіктері – экологиялық мәдениетті жүйелі түрде дамыту арқылы қол жеткізілген нәтижелер. Біз алдағы уақытта да экологиялық ағарту, ғылыми жобалар мен жасыл инфрақұрылымды кеңейтуді жалғастырамыз. Таза табиғат – таза сана. Таза сана – жарқын болашақ!

Жанерке ЖҰМАГЕРЕЙҚЫЗЫ



ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ ІРГЕТАСЫ

Қазіргі таңда қоғамда орын алып отырған өзекті мәселелердің бірі – халықтың құқықтық сауаттылығының төмендігі. Азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін толық білмеуі, заңды бұзбай қорғана алмауы – түрлі әлеуметтік шиеленістер мен құқық бұзушылықтарға алып келуде. Бұл жағдай, әсіресе, әлеуметтік осал топтар арасында ерекше байқалады. Мұндай ахуал құқықтық мемлекет құру жолындағы басты кедергілердің бірі ретінде қабылдануы тиіс. Сондықтан да бұл проблеманы шешудің ең тиімді жолы – құқықтық насихатты күшейтіп, жастардың заң саласындағы білімін тек теория жүзінде ғана емес, тәжірибелік тұрғыда да қалыптастыру болып отыр.

Құқық саласында сапалы мамандар даярлау үшін теориялық білім жеткіліксіз. Студенттің кәсіби біліктілігі мен этикасы тек аудитория қабырғасында ғана емес, нақты құқықтық кеңістікте де шындалуы қажет. Осы қажеттіліктерді ескере отырып, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Экономика және құқық факультеті, Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасы жанынан «Заң клиникасы» студенттік ұйымы құрылды. Бұл ұйым құқықтану саласындағы студенттердің практикалық машығын арттырумен қатар, халыққа тегін құқықтық кеңес беруді, құқықтық мәдениетті көтеруді, заңгерлік көмекке мұқтаж азаматтарға қолдау көрсетуді көздейді. Заң клиникасының басты мақсаты – студенттерді практикалық ортаға бейімдеу, халыққа тегін құқықтық кеңес беру арқылы олардың кәсіби дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыруға үлес қосу. Бұл ұйым – студент пен қоғам арасындағы алтын көпірге айналуы керек деген мақсат қойылғаны сөзсіз.

«Заң клиникасы»: теория мен тәжірибенің тоғысқан тұсы



2024 жылдың 19 қыркүйегінде Заң клиникасының құрамына студенттерді іріктеу конкурсы өтті. «Құқықтану» және «Құқық қорғау қызметі» мамандықтарының 1, 2 және 3 курс студенттерінен барлығы 25 білім алушы іріктеліп, ұйым мүшелігіне қабылданды. Іріктеуге кафедраның аға оқытушылары Дидар Орынбасаровна мен Жадыра Жағыпарқызы, сондай-ақ Атырау облысы адвокаттар алқасының адвокаты Гүлайна Акмурзина қатысып, студенттерге бағыт-бағдар берді. Келесі к.ні Заң клиникасының алғашқы қоғамдық қабылдауы өтті. Онда тұрғындар өз мәселелерін айтып, тегін құқықтық кеңес алды. Бұл – біз үшін ерекше жауапты сәт болды. Әрбір жағдай – өмірлік сабақ, нақты заңды қолдану тәжірибесі болды.

Ал 2024 жылдың 27 қыркүйегінде өткізілген «Маман сағаты» шарасы – теория мен тәжірибенің өзара ұштасуының нақты көрінісі болды. Адвокат Гүлайна Акмурзина Тукпатоллаевна, жеке сот орындаушы Бекзат Кумаров, жеке нотариус Эльмира Султанова келіп, студенттермен еркін форматта сұхбат құрды, нақты істерден мысал келтіріп, мамандықтың қиындықтары мен жауапкершілігі туралы ашық әңгіме өрбітті.

Қазан айында өткен «Құқықтық ақпараттық кеңес» атты кездесу – құқықтық қызмет көрсету саласына қатысты білімімізді тереңдетті. Бұл жиында Ақпараттық құқықтық орталықтың заңгері И.С.Хабденович және «Шаңырақ 2008» қоғамдық бірлестігінің медиаторы А.Ж. Вахитовна азаматтық дауларды бейбіт жолмен шешудің маңызын түсіндірді. Осы айда «Саналы ұрпақ» студенттік клубымен бірлесіп өткізілген қоғамдық қабылдау барысында тәжірибелі адвокаттар Ерсайын Асан Балғабайұлы мен Акмурзина Гүлайна Тукпатоллаевна студенттерге нақты істердің мысалында кеңес берді.

Өз кезегінде өткен жылдың 3 қарашасында өткен «Жастар және құқықтық тәртіп» атты кездесуге Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі Марьяна Джангадиева қатысты. Кездесу барысында Марьяна Қазбекқызы



білім алушылармен ашық форматтағы пікірталас ұйымдастырды. Ол қазіргі қоғамда жастар арасында жиі кездесетін құқықтық және әлеуметтік мәселелерді ортаға салып, студенттердің осы мәселелерге қатысты көзқарастары мен ой-пікірлерін тыңдады.

Сол айда ұйымдастырылған тағы бір көлемді әрі мазмұнды іс-шара – «Цифрландыру дәуірінде қылмыстарды тергеу, ашу және анықтаудың өзекті мәселелері» атты кәсіби кездесу. Бүліс-шараның ауқымы ерекше кең: оған тек «Құқықтану» және «Құқық қорғау қызметі» мамандықтарының білім алушылары ғана емес, сонымен қатар «Биология» және «Ақпараттық технологиялар» (IT) бағытындағы студенттер де арнайы шақырылды. Себебі, қазіргі таңда қылмыстық істерді тергеуде цифрлық сараптамалар, биологиялық дәлелдемелер мен киберіздерді анықтаудың маңызы артып отыр.

Кездесу барысында Атырау облыстық Полиция департаментінің түрлі құрылымдық бөлімшелерінің басшылары студенттермен еркін форматта кездесіп, тергеу процесінің заманауи әдістері туралы жан-жақты мәлімет берді. Атап айтқанда, Жедел-криминалистика басқарма бастығының орынбасары, полиция полковнигі Болатбек Мендигалиев, Тергеу басқармасының Киберқылмыстарды тергеу бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Мұратбай Кадиров, сондай-ақ Жедел-криминалистикалық басқарманың криминалисті, полиция майоры Жәрдем Тағаев Маратұлы нақты істерден алынған мысалдар негізінде қылмыстық істерді ашудың заманауи тәсілдерімен таныстырды. Бұл іс-шара қылмыстық процестің тек құқықтық ғана емес, техникалық, цифрлық, және биологиялық сараптамаларды да қажет ететін кешенді жұмыс



екенін көрсетті.

Келесі желтоқсан айында Атырау облыстық Ғ.Сланов атындағы ғылыми әмбебап кітапханасында «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» атты құқықтық тәрбие шарасы өтті. Киберқылмысқа қарсы күрес басқармасының өкілі Расул Жолдас бастаған мамандар студенттерге интернеттегі қауіптер мен олардан қорғану жолдары туралы пайдалы ақпарат ұсынды.

Ал осы жылдың ақпан-наурыз айларында Полиция департаментінде өткен «Ашық есік» күндері мен Атырау облыстық сотындағы кездесулер білім алушылар үшін кәсіби бағдар тұрғысынан ерекше әсерлі болды. Кейін Әділет департаментінде өткен кездесу студенттерді ведомстволық құрылымдармен таныстырып, құқық саласындағы мемлекеттік саясаттың

жүзеге асуын көрсетіп берді.

Аталған іс-шаралардың барлығы Заң клиникасының ауқымды жұмысын дәлелдейді. Заң клиникасының қызметі тек қоғамдық қабылдаулар мен құқықтық кездесулермен ғана шектелмейді. Ұйым студенттердің жан-жақты дамуына жағдай жасап, олардың тарихи-мәдени дүниетанымын кеңейтуге де ерекше көңіл бөледі. Соның айқын дәлелі – Сарайшық қалашығына ұйымдастырылған танымдық сапар. Бұл экскурсия барысында біз ежелгі қазақ мемлекеттілігінің ізі қалған қасиетті мекеннің тарихымен жақын танысып, ұлттық құндылықтар мен құқықтық дәстүрлер туралы тың мәліметтерге қанықтық. Осындай іс-шаралар заң саласын кең ауқымда – тарихи, мәдени және адамгершілік тұрғыдан қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, студенттер арасында достықты, ұйымшылдықты арттырып, оқу үдерісіне серпін береді.

Ұйымдастырылған әрбір іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне сеп болған – Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушылары, Заң клиникасының білікті жетекшілері Дидар Орынбасарқызы мен Жадыра Жағыпарқызы. Бұл кісілер біз үшін тек білім беруші ұстаз ғана емес, кәсіби жолымызға бағыт-бағдар сілтеген, рух пен жігер сыйлаған шынайы тәлімгер тұлғалар. Олар әр бастамаға жауапкершілікпен қарап, бізге деген сенімі мен жанашырлығын әркез сезіндіре білді. Жетекшілеріміздің қамқорлығы мен қолдауының арқасында біз тек теорияны меңгеріп қана қоймай, өзімізді болашақ заңгер ретінде сезіне бастадық.

Болашақ заңгер жолындағы әрбір қадамымызға бағдар болған Заң клиникасы – біз үшін тек тәжірибе алаңы ғана емес, өмірді әділдікпен өлшеуді үйреткен үлкен тағылым мектебі болды.

Мұнда біз шынайы құқықтық кеңістікте жұмыс істеуді, нақты мәселелерге шешім ұсынуды, заңды дұрыс қолдануды үйрендік. Кәсіби мамандармен тікелей байланыс орнатып, болашақ мамандық бағытымызды нақтылауға мүмкіндік алдық.

Қорытындылай келе, «Заң клиникасы» – бұл студенттік ұйым ғана емес, бұл – қоғам мен білімнің тоғысқан алаңы. Мұнда біз құқық қорғау ісінің шынайы келбетін көріп, өмірлік тәжірибе жинадық. Алдағы уақытта да осы рухта табысты жұмыстар жалғаса береді деп сенеміз.

Әсем САМАТ,
Нұрлыгүл Сәрсенбаева, Зухра МАРАТ,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
Экономика және құқық факультеті,
Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасы

ҒАЛЫМ–ҒҰМЫР

Осындай атаумен мақала жазуымның өзіндік себебі бар. 2025 жылдың ақпанында М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасы «Тарих тағылымы және Ұлттық сана» жобасы аясында ЖОО студенттері арасында тарих пәнінен республикалық олимпиада ұйымдастырды. Олимпиадаға республиканың ЖОО-ның 27 командасы қатысты.

Атап айтар болсақ, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік универсиеті, Т.Ж.Бигельдинов атындағы әуе қорғаныс күштерінің әскери институты, М.Оспанов атындағы БҚМУ және т.б.

Олимпиаданың басты мақсаты – білім алушылардың ғылыми-зерттеу және шығармашылық ізденістерін дамыту, олардың кәсіби құзыреттіліктері мен көшбасшылық қасиеттерін дамыту. Өзім осы сайысқа Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Халел» тобын бастап бардым. Олимпиаданың тақырыбы – Төлеубай Төлепбергенидің «Есет Батыр» және Берқайыр Аманшиннің «Махамбеттің тағдыры» еңбектері бойынша өтті.

Нәтижесінде, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Төлеубай Төлепбергени атындағы арнайы ақпалай жүлдені және ІІ орынды Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті 6В01602–Тарих қоғамтану білім бағдарламасының 1 курс студенттерінен құралған «Халел» командасы иеленді. Олимпиада ҚР-ның Түркиядағы елшілігі кеңесшісі Асқар Төлепбергеннің қолдауымен өтті.

«Ауылға» оралғаннан кейін, олимпиадаға арқау болған Төлеубай Төлепбергени туралы сұрап, іздене бастадым. Атыраулық журналистер Төлеген Жаңабаев, Айтқали Нұрғалиевтердің «Атырау» газетіндегі мақалаларында Төлеубай Төлепбергени 1990 жылдары Гурьев облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімін басқарып, облыста «Қазақ

тілі» қоғамын құруға және Атырау атауының берілуіне біршама игі істер істегені айтылады.

Университетте де Төлеубай Төлепбергени туралы жақсы ой пікірлер қалыптасқан. Облыстық партия комитеті төрағасы, мұғалімдер білімін жетілдіру институты басшысы, Халел Досмұхамедов университетінің шаруашылық жұмысы басшысы, тарих-филология факультеті деканы болып қызмет атқарған. Төлеубай Төлепбергенидің тарих ғылымына келуіне оқу орнында көп жыл ғылыми жұмыстар проректоры болған Зұлқарнай Алдамжаровтың еңбегі көп. Мәскеудегі тарих-архив институтының профессоры Александр Зевелевпен таныстырып, Қазақстанның батыс өңірі мұнай химия кешендері тарихымен айналыса бастады. 1990 жылы «Идейно-воспитательная работа партийных организации Казахстана в трудовых коллективах нефтяной и нефтехимической промышленности (1976–1985 гг.)» тақырыбында тарих ғылымдарының кандидаттығына диссертациясын сәтті қорғады.

Төлеубай ағаның ғалымдығының куәсіндей етіп хаттаған бірнеше кітабы бар. Ақтөбелік ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты Зәкіратдин Байдосовпен бірлесіп жазған еңбегі «Есет батыр» – 1847–1858 жылдары Кіші жүз жерінде болған отаршылдыққа қарсы халық қозғалысының басшысы Есет Көтібарұлы туралы ғылыми тұжырымдама іспетті.

Тағы бір туындысы «Аянбай жаумен айқасқан» деп аталады. Онда «Дала рыцарылары» атанған батырлар Көтібар Бәсенұлы мен Арыстан Тінәліұлы жөнінде тың деректер ұсынылды. Соңғы «Қарабас батырдың ұрпақтары» атты кітабы көлемді дүние, құнды еңбек. XVII–XVIII ғасырлар шамасында өмір сүрген, жоңғарларға қарсы күресте ерлігімен танылған батырлардың бірі Қарабастың үрім-бұтақтары ертеден бастап күні бүгінге дейін таратылады. Ішіне өзінің және балаларының есімдері де кіргізілген. Ру шежірелері тарам-тарамымен бөлек-



бөлек сызбалар арқылы айқын да анық берілген. Бүгінгі және келер ұрпақ үшін асыл мұра, баға жетпес жәдігер. Олар, сонымен қатар Көтібар, Арыстан, Есет, Дәрібай, Ерназар, Бекет тәрізді Қарабас ұрпақтарынан шыққан азаттық жолындағы күрескерлердің де кім екендіктерін, елге қандай еңбек сіңіргендіктерін осы кітаптан тауып, мақтаныш етуге құқылы.

Биыл Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті өзінің мерейлі 85 жылдығын атап өтуде. Осы мерейлі меже аясында «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасы университетте қызмет атқарған ғалымдар туралы арнайы ғылыми семинарлар ұйымдастырып, білім алушыларға насихаттауда. Шағын мақалада университетте аз жұмыс атқарса да, ғалым ретінде сыйлы Төлеубай Төлепбергени туралы баяндауға тырыстым.

Гаухар АЙDOSЫНОВА,
Қазақстан және дүниежүзі тарихы
кафедрасының сеньор-лекторы,
гуманитарлық ғылымдар магистрі



«Ұстаз» түлектеріне аттестат табысталды



Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті жанындағы дарынды балаларға арналған «Ұстаз» мектеп-интернатында «Жолың болсын, Жас түлек!» атты салтанатты аттестат тапсыру кеші өтті.

Іс-шараға Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисов, университет пен мектеп басшылығы, ұстаздар, ата-аналар және 2025 жылғы түлектер қатысты.

«Бұл – түлектеріміздің балалықпен қоштасып,

үлкен өмірге нық қадам басқан тарихи сәті. Бүгінгі түлектер – ел болашағы. Түлектерге болашаққа басқан қадамдарына ақ жол тілейміз. Біріншіден, алған білімдеріңізді жақсы көрсетіп, білікті маман иесі атануларыңызға тілектеспін. Екіншіден, ата-аналарыңыз бен ұстаздарыңыздың үмітін ақтап, елге қызмет етер азамат болыңыздар дегім келеді», – деді ректор құттықтау сөзінде.

Биылғы оқу жылында мектепті 43 шәкірт тәмамдап, олардың арасынан 2 оқушы – «Алтын белгі», 4 оқушы – «Үздік аттестат» иегері атанды. Сонымен қатар, оқу жылының қорытындысы бойынша үздік нәтижеге жеткен және пәндік жетістіктері үшін бірнеше оқушы мақтау қағазымен марапатталды.

Іс-шара барысында түлектер ұстаздарына, ата-аналарына жүрекжарды алғыстарын айтып, арнау жырларын оқыды. Сондай-ақ, оқу ордасында еңбек етіп жүрген мұғалімдер мен тәрбиешілерге де арнайы алғыс хаттар табыс етілді.





ТҮЛЕКТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ҚҰРЫЛДЫ

Ендігі әрі Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің жанынан Түлектер қауымдастығы қызмет атқарады. Жуырда оқу орны қабырғасында жаңа ұйымның алғашқы отырысы өтті.

Биыл тарлан тарих шеңберіндегі 85 жылдық мерейтойын атап өтіп жатқан Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті осы уақытқа дейін 70 000-нан астам түлекке жоғары білім беріп, оларды ел игілігі үшін қызмет ететін маман ретінде тәрбиелеп шығарды.

Осы орайда, университет қабырғасынан түлеп ұшқан түлектердің басын біріктіретін маңызды алаң – Түлектер қауымдастығы құрылды. Бұл бастама – әлемдік тәжірибеде кең таралған жүйелі үрдіс. Айта кетейік, бүгінде жоғары оқу орындарындағы Endowment қорларының жұмысын реттейтін заңнамалық нормалар қарастырылып жатыр. Қазақстандық университеттерде де Endowment қорлардың тиімді жұмыс жасап отырғанын көрсететін нақты мысалдар мен тәжірибелер жетерлік.

Аталмыш жиында университеттің басқарма төрағасы-ректор Саламат Идрисов, проректор Ләйлә Қойшығұлова, профессор Шынар Ележанова, баспа орталығының директоры Бердібек Тұмышев түлектер қауымдастығы жұмысын ұйымдастыруға қатысты ойларын ортаға салды. Кездесуге университетте еңбек етіп жүрген түлектер қатысып, қауымдастықтың алдағы жоспарларын талқылап, ортақ мақсаттарға жету жолында ынтымақтасуға дайын екендіктерін жеткізді.



ЖОҒАРЫ ЖАЛАҚЫ НЕМЕСЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ: ҚАЙСЫСЫ МАҢЫЗДЫ?

Қазіргі заманда жоғары білім мен жоғары жалақының арасындағы байланыс әр адамның өмірінде маңызды орын алады. Көптеген адамдар жоғары білім алу арқылы жақсы жұмысқа орналасып, жоғары жалақы табуға қол жеткізуге ұмтылады. Алайда, осы екі фактордың арасындағы қарым-қатынасты қарастыруда әртүрлі пікірлер болуы мүмкін.

Біреулер жоғары білімнің маңызды екенін айтады, ал енді біреулер жоғары жалақының басты мақсат екенін алға тартады. Осы екі мәселенің арақатынасын тереңірек қарастырып көрейік. Жоғары білімнің қоғамдағы маңызы – бұл тек белгілі бір мамандықта терең білім алу ғана емес, сонымен қатар адамның ойлау қабілетін дамыту, жеке тұлғаның өсуі, және кәсіби салада жаңа мүмкіндіктерге жол ашу. Жоғары оқу орындарында алынған білім адамды тек теориялық қана емес, практикалық тұрғыдан да дамытуға ықпал етеді. Жоғары білім алған адам еңбек нарығында көп сұранысқа ие болады. Ол мамандықтың терең білімін меңгеріп, еңбек нарығында өзіне тұрақты орын таба алады.

Әсіресе, инженерия, медицина, құқық және ғылым салаларында жоғары білімнің маңызы айтарлықтай. Осы салаларда жұмыс істейтін адамдарға жоғары жалақы берілуі мүмкін, себебі бұл салалар жоғары біліктілікті талап етеді. Сонымен қатар, жоғары білім адамның жалпы әлеуметтік жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Оқушылар мен студенттер жоғары оқу орындарында жаңа дағдыларды меңгеріп, кәсіби әлемге дайындалады, бұл өз кезегінде оларды жоғары жалақы алуға әкелетінін астын сызып айта өту қажет.

Ал, жоғары жалақы – бұл көптеген адамдар үшін басты мақсат. Жалақының жоғары болуы адамның өмір сүру деңгейіне тікелей әсер етеді. Жоғары жалақы алатын адам жақсы өмір сүреді, материалдық жағдайы тұрақты болады, сонымен қатар жеке тұлғаның өзін-өзі дамытудың әртүрлі мүмкіндіктері кеңейеді. Дегенмен, жоғары жалақы көбінесе адамның білімі мен тәжірибесіне байланысты ғана емес, жұмыс орнындағы жағдайға, нарық сұранысына және еңбек нарығындағы бәсекелестікке де байланысты. Кейбір салаларда жоғары жалақы үшін жоғары білім алу міндетті емес. Мысалы, кәсіпкерлік салада, сатушылар мен менеджерлер

үшін біліктіліктер мен тәжірибе көп жағдайда білімнен маңызды болуы мүмкін. Мұндай салаларда адамдар тәжірибе арқылы жоғары жалақыға қол жеткізе алады.

Жоғары жалақының тағы бір артықшылығы – бұл адамның еңбек нарығында өз құндылығын арттырып, кез келген уақытта қаржылық тәуелсіздікке жету мүмкіндігіне ие болуы. Бұл көптеген адамдар үшін жеке өмір сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда жоғары білім мен жоғары жалақының арасында тығыз байланыс бар екендігі сөзсіз. Бір жағынан, жоғары білім адамға жақсы жұмысқа орналасу үшін қажетті дағдылар мен білім береді, бұл өз кезегінде жоғары жалақыға әкеледі. Сонымен қатар, жоғары білімі бар адамдардың мамандықтарында еңбек нарығындағы сұраныс жоғары болғандықтан, олар тұрақты табыс таба алады. Алайда, жоғары білім алған адам ғана жоғары жалақыға ие болады деп айтуға болмайды. Кейде тәжірибе мен дағды маңызды рөл атқарады. Өйткені, еңбек нарығында білімнен басқа, адамдардың жұмыс істеу қабілеттілігі, шығармашылық ойлау және еңбек этикасы да маңызды.

Кейбір салаларда, әсіресе ақпараттық технологиялар мен кәсіпкерлік секторларында, тәжірибе мен дағдының рөлі жоғары білімнен артық болуы мүмкін. Қорытындылай келе жоғары жалақы мен жоғары білім екі ұғым да өзара тығыз байланысты және екеуінің де маңызы зор. Жоғары білім алу көптеген мүмкіндіктер ашады, ал жоғары жалақыға ие болу – бұл адамның еңбегінің нәтижесі мен қоғамдағы орнының дәлелі.

Алайда, тек жоғары білім немесе тек жоғары жалақы ғана жетістікке жеткізбейді. Білім – ол әрбір кезде адамға пайдаға асатын таптырмас құрал. Сол себепті, жоғары білім алуда, жоғары жалақы алуда өте маңызды факторлар. Қазіргі қоғамда білім мен тәжірибе біріктірілгенде ғана адам өзінің толық әлеуетін жүзеге асыра алады. Білім мен тәжірибенің үйлесімділігі, өздігінен дамуға ұмтылу және еңбек нарығындағы сұранысқа сай болу – бұл адамды өмірде жоғары жалақы мен тұрақты қызметке қол жеткізуге жетелейді.

Арайлым ҚҰМАР,
«Журналистика және ақпарат» ББ студенті



Құрметті талапкерлер мен ата-аналар!
Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қабылдау комиссиясының қызметкерлері университетке қабылдауға байланысты барлық сұрақтарға жауап береді. Сіз біздің университетімізді таңдағаныңызға өте қуаныштымыз!

Қабылдау комиссиясының байланыс деректері мен жұмыс уақыты:
Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, құрылыс 1, №1 Оқу ғимараты № 25 кабинет.
Дс. – Жм. – 09:00 - 18:00
Сн. – 09:00 - 14:00
Жк. – демалыс күні.



ТАЛАПКЕР – 2025

Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті
2025–2026 оқу жылына
келесі бағыттар бойынша
талапкерлерді оқуға
қабылдайды:

Білім бағдарламасы		Бейіндік пәндер	Өту балы
Код	Педагогикалық ғылымдар		
6B01101	Педагогика және психология	Биология - География	75
6B01102	Психология	Биология - География	
6B01201	Мектепке дейінгі тәрбиенің педагог-тәрбиешісі және әдіскері		
6B01202	Мектепке дейінгі білім беру	Биология- География	
6B01301	Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы		
6B01302	Бастауыш білім беру	Биология - География	90
6B01401	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және таңдаған спорт түрінен жаттықтырушы	Шығармашылық Шығармашылық	
6B01407	Дене шынықтыру және спорт	Шығармашылық Шығармашылық	
6B01402	Алғашқы әскери және технологиялық, дене шынықтыру дайындық мұғалімдері	Шығармашылық Шығармашылық	
6B01403	Музыка мұғалімі, қосымша білім беру педагогі	Шығармашылық Шығармашылық	
6B01404	Бейнелеу өнері және көркем еңбек	Шығармашылық Шығармашылық	75
6B01405	Көркем білім	Шығармашылық Шығармашылық	
6B01406	Музыкалық білім	Шығармашылық Шығармашылық	
6B01501	Математика пәнінің мұғалімі	Математика - Физика	
6B01502	Физика пәнінің мұғалімі	Физика - Математика	
6B01503	Білім беру жүйесіндегі информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Математика-Информатика	
6B01505	Биология пәні мұғалімі	Биология - Химия	
6B01507	Химия және биология пәндерінің мұғалімдері	Химия - Биология	
6B01508	Математика және физика пәндерінің мұғалімдері	Математика - Физика	
6B01509	Физика және информатика пәндерінің мұғалімдері	Физика - Математика	
6B01510	География және тарих пәндерінің мұғалімдері	География-Дүние жүзі тарихы	
6B01511	Биология	Биология - Химия	
6B01512	Жаратылыстану	Биология - Химия	
6B01513	Информатика	Математика-Информатика	
6B01514	Химия	Химия-Биология	
6B01515	Физика	Физика-Математика	
6B01516	География	География-Дүние жүзі тарих	
6B01517	Математика	Математика - Физика	
6B01601	Тарих пәні мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы	География-Дүние жүзі тарихы	50
6B01602	Тарих және қоғамтану	География-Дүние жүзі тарихы	
6B01701	Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі	Қазақ тілі - Қазақ әдебиеті	
6B01702	Орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі	Орыс тілі - Орыс әдебиеті	
6B01703	Шетел тілі: екі шетел тілі	Шетел тілі- Дүние жүзі тарихы	
6B01704	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі	Орыс тілі - Орыс әдебиеті	50
6B01707	Орыс және орыс емес тілдерде оқытатын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	Орыс тілі - Орыс әдебиеті	
6B01705	Шетел тілдері	Шетел тілі- Дүние жүзі тарихы	
6B01901	Логопедия	Биология - География	
6B01902	Арнайы педагогика	Биология - География	
6B01903	Эргопедагогика	Биология - География	50
6B01904	Ерте қолдау педагогикасы	Биология - География	

Білім бағдарламасы		Бейіндік пәндер	Өту балы
Код	Өнер және гуманитарлық ғылымдар		
6B02101	Концерттік-камералық орындаушы, оқытушы	Шығармашылық Шығармашылық	50
6B02102	Халық аспаптары	Шығармашылық Шығармашылық	
6B02104	Халық әні	Шығармашылық Шығармашылық	
6B02103	Таңдаған бағытта дизайн, білім беру жүйесінде суретші-дизайнер	Шығармашылық Шығармашылық	
6B02203	Дінтану	Шығармашылық Шығармашылық	
6B02201	Тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы	Дүние жүзі тарихы- География	50
6B02301	Аударма және аударматану	Шетел тілі Дүние жүзі тарихы	
6B02302	Филология: қазақ филологиясы	Қазақ тілі - Қазақ әдебиеті	
Код	Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпараттандыру	Бейіндік пәндер	Өту балы
6B03101	Психология	Биология - География	50
6B03201	Журналистика және ақпарат	Шығармашылық Шығармашылық	
Код	Бизнес, басқару және құқық	Бейіндік пәндер	Өту балы
6B04101	Экономика	Математика - География	50
6B04102	Саладағы менеджмент	Математика - География	
6B04103	Экономика және мемлекеттік басқару	Математика - География	
6B04104	Бизнес-процестерінің есебі, аудиті және талдауы	Математика - География	
6B04105	Қаржы және аналитика	Математика - География	
6B04106	Маркетинг. Менеджмент. Бизнес	Математика - География	75
6B04107	Маркетинг	Математика - География	
6B04201	Құқықтану	Дүние жүзі тарихы Құқық негіздері	
6B04202	Құқық қорғау қызметі	Дүние жүзі тарихы Құқық негіздері	
6B04204	Цифрлық зангер	Дүние жүзі тарихы Құқық негіздері	
6B04205	Адвокаттық қызмет	Дүние жүзі тарихы Құқық негіздері	50
Білім бағдарламасы		Бейіндік пәндер	Өту балы
Код	Жаратылыстану ғылымдар, математика және статистика		
6B05101	Биология	Биология - Химия	50
6B05201	Қолданбалы экология	Биология - География	
6B05202	Экоаналитика	Биология - География	
6B05203	География	Биология - География	
6B05204	Қалдықтарды басқару	Биология - География	
6B05301	Химиялық талдау және сараптама	Химия - Биология	50
6B05302	Физик - зерттеуші	Физика - Математика	
6B05401	Қолданбалы математикалық модельдеу	Математика - Физика	
Код	Ақпараттық-коммуникациялық технологи-ялар	Бейіндік пәндер	Өту балы
6B06101	Дизайндағы қолданбалы информатика	Математика - Информатика	50
6B06102	Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару	Математика - Информатика	
6B06103	Желілер мен жүйелерді әкімшіліктеу	Математика - Информатика	
Код	Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	Бейіндік пәндер	Өту балы
6B07501	Стандарттау, метрология және сертификаттау	Математика - Физика	50
Код	Ауылшаруашылық және биоресурстары	Бейіндік пәндер	Өту балы
6B08401	Балық шаруашылығы және ихтиология	Биология - Химия	50
Код	Қызмет көрсету	Бейіндік пәндер	Өту балы
6B11101	Туризм және сервис	География - Шетел тілі	50

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті